

Диплом жұмысы

Тақырыбы: Стационардағы медбикенің қол жуу маңыздылығы



Жоспар

I.Кіріспе

1.1 Медицинадағы қол жуу маңыздылығы

II.Негізгі бөлім

2.Қол жуу деңгейлері

2.1 Әлеуметтік деңгейде қол жуудың маңызы

2.2 Гигиеналық деңгейде қол жуу тәсілі

2.3 Стационарда мейірбикенің қол жуудың маңыздылығы неде?

3. Мейірбике қол жуу тәсілін қай кезде орындау қажет

4.Зерттеу тәсілдері мен материалдары

5.Қорытынды

6. Қолданылған әдебиеттер

Зерттеу мақсаты:

•Стационардағы медбикенің қол жуу маңыздылығын медколледж студенттер арасында тусіндіру.Алған ақпарат бойынша көрсеткіштерді талдау,баға беру. Медбикенің қол жуу маңызыдылығы студенттерге толық ақпарат беру.Жаңа жоба ұсыну.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- Осы тақырып бойынша әдебиеттерді шолу: интернет ресурстары: Шетелдік мақалалар [pubmed.com], [cyberleninka.ru], Республикалық сайттар [www.amu.kz], [www.nur.kz]
- Студенттерден сауалнама алу [Қызылорда жоғары медицина колледжінің 2017-2018 оқу жылындағы 1 курс студенттерінің барлық топтары]
- Сауалнама нәтижелерін талдау, қорытынды жасау
- Студенттер арасында стационардағы медбикенің қол жуу маңыздылығын үйрету

Тақырыптың өзектілігін түсіну үшін статистикалық мәліметтерге көз жүгіртсек

Аяулы оқырман! Бүгін сіз қолыңызды жудыңыз ба? Жоқ? Олай болса, қол жуатын бөлмеге асығыңыз, өйткені бүгін Бүкіләлемдік қол жуу күні.

Күллі әлем жұртшылығында жыл сайын қазан айының он бесінші жұлдызында Бүкіләлемдік қол жуу күнін мерекелеу дәстүрге айналып үлгерді. Мұндай шара – **Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы мен Балалар қорының бастамасымен өткізіледі.**

Басты мақсат – Жер шарын мекендейтін барлық адамзат баласын осы бір қарапайым гигиеналық рәсімнің маңыздылығына назар аударту.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, жыл сайын миллиондаған адамдар диареядан қайтыс болатын көрінеді. Ал қолымызды сабынмен жуу қаншама адамның өмірін сақтап қалар еді..

Былтырғы жылы өткізілген акцияға 70-тен астам елден қатысқан 200 миллион адам мен 700 мың мектеп белсенділік танытып, рекорд жасаған болатын

Мейірбике үшін қол жуу маңыздылығы

Ауруханаішілік инфекция жұқтырудың алдын алу мақсатында медициналық қызметкер бөлімшедегі эпидемияға қарсы режиммен танысып, қызметтік міндетін атқару кезінде санитарлық талаптардың орындалуына көңіл бөлуі керек.

Ем-шаралар (процедура)

Қолды тазалаудың үш деңгейі бар: элеуметтік, гигиеналық (қолды залалсыздандыру), хирургиялық (белгілі уақытқа қол стерилдігіне қол жеткізу);

1. Антисептикті қолданбай, қолды сабынмен және сумен жуу
2. Антисептикті қолдану арқылы қолды өңдеу(антисептик қолдану)
3. Қолды хирургиялық дезинфекциялау (антисептик қолдану)

- Қол өңдеудің үш деңгейін ажыратады
- 1.әлеуметтік
- 2.гигиеналық
- 3.хирургиялық болып бөлінеді.
- ҚР ДСМ мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің 23.04.2013 жылғы «Қазақстан Республикасының медициналық ұйымдары қызметкерлерінің қолдарын зарарсыздандыру жөніндегі әдістемелік бекіту туралы». №111 бұйрығы.

Гигиеналық деңгейде қолды өңдеу

Мақсаты: транзиторлық микрофлораны кетіру немесе жою. Науқастың және медициналық қызметкерлердің жұқпалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Қолдану көрсетілімдері: инвазивті емшараларды орындар алдында және орындаған соң, қолғаптарды кию алдында және шешкеннен соң, организмнің биологиялық сұйықтықтарымен жанасқаннан соң және мүмкін болатын микробтық ластанудан кейін, иммунитеті төмендеген науқасқа күтім жүргізер алдында.

Дайындаңыз: бір рет қолдануға арналған мөлшерлегіштегі сұйық сабынды, 70% этил спиртің, секундтік тілі бар сағатты, жылы ағынды суды, қағаз сүлгіні, қауіпсіз жоюға арналған контейнерді.

Іс-әрекет алгоритмі:

1. Қолдың саусақтарынан сақинаны, жүзік, сағатты және тағы да басқа әшекей- бұйымдарды шешіңіз.
 2. Қол терісінің бүтіндігін тексеріңіз.
 3. Халаттың жеңдерін білектің $2/3$ бөлігіне дейін қайырып ораңыз.
 4. Қағаз салфеткалар көмегімен су шүмегін ашып, судың температурасын $35-40^{\circ}\text{C}$ реттеңіз. Ол шүмекте орналасқан микроорганизмдермен қолдың жанасуын қорғайды.
 5. Жылы судың жайлы орташа ағымы астында қолды білектің $2/3$ бөлігіне дейін жігерлі сабындап, келесі ізбе-ізділікпен жуыңыз:
 - алақанды алақанмен;
 - сол қолдың сыртқы жақ бетін оң алақанымен және керісінше;
 - алақанды алақанмен, бір қолдың саусақтары екінші қолдың саусақтары арасында;
 - оң қолдың саусақтарының сыртқы беті сол қолдың алақаны бойынша және керісінше;
 - үлкен саусақтарды айналмалы қозғалыспен үйкелеңіз;
 - сол қолдың саусақтарының ұшын бірге жинастырып, оң алақанға айналмалы қозғалыспен және керісінше.
- Әрбір іс-қимыл 5 реттен кем емес 10 секунд бойы қайталанады.

6. Қолыңызды ағынды жылы судың астында сабын толық кеткенше шайыңыз. Қолыңызды шынтақ деңгейінен жоғары ұстаңыз (осы қалыпта су таза зонадан ласқа қарай ағады).
7. Шүмекті қолыңыздың оң немесе сол шынтағымен жабыңыз.
8. Қолыңызды қағаз сүлгімен құрғатыңыз. Егерде шынтақ краны болмаса, онда кранды қағаз сүлгі көмегімен жабыңыз.

Ескерту:

- қолды гигиеналық деңгейде жууға қажетті жағдай болмағанда, оларды антисептик көмегімен тазартуға болады;
- құрғақ қолдарға 3-5 мл антисептикалық затты жағып және оны қол терісіне кеуіп кеткенше ысқылаңыз. Қолды тазартқаннан кейін сүртудің қажеті жоқ! Сонымен қатар әсер ету уақытын сақтау маңызды - қолдар антисептикпен 15 секундтан кем емес уақыт ылғалды болып тұруы керек;
- тері бетін тазартқанда «тазадан ласқа» принципі сақталады;
- жуылған қолды басқа заттарға тигізуге болмайды.

- **Стационардағы мейірбике қол жуу тәсілін қай кезде орындауы қажет.**
- науқаспен жұмыс жасар алдында;
- стерилді манипуляциялау орындау алдында;
- биологиялық сұйықтықтармен жұмыс жүргізіп болған соң;
- науқаспен жұмыс жүргізіп болған соң;
- науқасты қорашаған ортамен жұмысын жүргізіп біткен соң.

Зерттеу бойынша медколледж студенттерінің 1 курс топтарына медбикенің қол жуу маңызы бойынша толық ақпараттандыру

студенттеріне қол жуу әдісі бойынша арнайы сабақтар жүргізу

мейірбикенің қол жуу тәсілі жайлы видеолар слайдттар арқылы көрсету

студенттер арасында зерттеу бойынша сауалнама жүргізу

Сауалнама

1.Сіз үшін қол жуу жеке бас гигиенасына жатадыма

-жоқ

-ия

2.Медициналық қол жууды білесізбе

-ия

-жоқ

3.Қолды тазалау деңгейлері

А.2

Б.3

4.Мейірбике қол жуудың қай тәсілін ұстанады;

А.гигиеналық

Б.хирургиялық

5.Қолды жуу неше секундта орындалуы қажет;

А.15 сек

Б.30 сек

6.Сіз пациентпен жұмыс жасар кезінде қолыңызды жуасызба

А. ия

Б.жоқ

7.Гигиеналық қол жууда неше тәсіл орындалады

А.5

Б.6

8.Әлеуметтік деңгейде қолыңызды жуу маңызын білесізбе

А.жоқ

Б.ия

9. Сіз резенке қолғапты кигеннен кейін қолыңызды жуасызба

А.ия

Б.жоқ

10.Қол жуу не үшін қажет екенін білесізбе

А.жеке бас тазалығы

Б. өз қауіпсіздігі